

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 25 маусымдағы N 853 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2000 жылғы 4 ақпан N 166. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2005.02.03. N 99 қаулысымен.

"Нормативтік құқықтық актілерді жетілдіру жөніндегі жұмыстарды жақсарту жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 4 қарашадағы N 1654 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы "Халық денсаулығы" мемлекеттік бағдарламасын іске асыру жөніндегі үйлестіру кеңесін құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 25 маусымдағы N 853 қаулысына мынадай өзгерістер енгізілсін:

1 - т а р м а қ т а :

Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Үйлестіру кеңесінің құрамына:

Павлов Александр Сергеевич - Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің бірінші орынбасары, төраға;

Омарова Мәрия Нұрғалиқызы - Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау ісі жөніндегі агенттігінің төрайымы, төрағаның орынбасары;

Ыбыраев Серік Ескендірұлы - Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау ісі жөніндегі агенттігі төрайымының бірінші орынбасары;

Арын Ерлан Мұхтарұлы - Қазақстан Республикасының Білім және ғылым бірінші вице-министрі;

Хандуев Анатолий Циренович - Қазақстан Республикасының Қарулы күштері Бас штабының Медициналық қамтамасыз ету департаменті бастығының міндетін атқарушы;

Қуанышбаева Роза Сақтағанқызы - Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау вице-министрі;

Нұрқиянов Төлеухан Мұратханұлы - Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы вице-министрі;

Бектұрғанов Нұрәлі Сұлтанұлы - Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім вице-министрі енгізілсін;

көрсетілген құрамнан: Көшербаев Қырымбек Елеуұлы, Рақыпбеков Төлебай Қосиябекұлы, Ыдырысов Нұрлан Ғабдоллаұлы, Ауанов Мырзахмет, Отаров

Қадырхан Махмұдұлы шығарылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК